

Қ.Мамытов атындағы жалпы білім беретін мемлекеттік мекемесі



*Мектеп тәлімгерінің 2022-2023 оқу жылының  
жылдық есебі.*

22-23 жыл

Қыркүйек айынан бастап Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыты бойынша жұмыстар атқарылуда.

**«Жас Ұлан» қызметінің негізгі бағыттары:**

- 1.Зерде
- 2.Экоәлем
- 3.Руханият
- 4.Жеті жарғы
- 5.Отан
- 6.Еңбек
- 7.Салауат

Мектепте 1 қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын сағат 9 -00 де 1-сыныпқа аяқ басқан бүлдіршін балалардан басталды.

1 қыркүйек білім күні мен мектеп директоры Қ.Қаратаев бүлдіршіндерді білім күнімен құттықтап, концерттік бағдарлама ұсынылды. 1-11 сынып аралығында **«Білімді ұрпақ жарқын болашақ»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

02.09.2022 жылдан бастап күнделікті мектеп оқушыларының мектепке келуі күнделікті қадағалануда. Бұл жұмыс жыл соңына дейін атқарылуда.

09.09.2022 жылы 8-11 сынып аралығынада қыздар жиналысы өткізілді. Қыздар жиналысында қаралған басты мәселе **«Қызғалдақ»** қыздар ұйымының төрайымын сайлау. Сайлау ашық дауыс беру арқылы өткізілді, мұнда 3 үміткер ауысқа түсіп, Хасан Мөлдір 80 % дуыспен қыздар ұйымының төрайымы болып сайланды.

Мүшелері: Қалмахан Балжан -10 сынып оқушысы

Қазан айында 5-7 сынып аралығында **«таза мектеп»** атты мектепшілік сенбіліктер өткізіліп мектеп айналасын қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді.

13.09.2022 жылы Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасшысын сайлау жөніндегі 8-11 сынып аралығында жиналыс өткізілді.

Мектеп Ұлан басы лауазымына үміткерлер ашық дауыс беру арқылы сайланды.

Мектеп Ұлан басы болып Әділбек Ернұр 11 сынып оқушысы сайланды.

Айдың соңғы аптасынан бастап, **«Жас ұлан»** ұйымының оқушыларымен бірлесе **«Мектеп –білім тірегі, Ұстаз оның жүрегі»** атты концерттік бағдарлама қойылып, мектеп ұстаздарына жақсы көңіл күй сыйлады.

Қыркүйек айының соңғы аптасында **«Таза мектеп таза аула»** атты мектепшілік сенбілік 5-7 сынып аралығында өткізіліп, мектеп ауласын мектептің арықтарын қоқыс үйінділерінен тазартты.

Қазан айында Аудандық түрлі этнос өкілдері арасында ұлтаралық татулықты нығайту жастарды патриоттық, отансүйгіштікке баулу, сондай ақ мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған **«Бірлігіміз жарасқан»** атты байқауында 9 а сынып оқушысы Яхия Гузаль 3-орын иеленді.

16 қараша күні **«Сыры көп айтар қыз баланың»** атты 8-9 сынып оқушыларының қыздарымен бірлескен сырласу кеші өткізіліп.

7 желтоқсан күні **«Ел ертеңі Жас Ұлан»** тақырыбында мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, «Жас ұлан» ұйымына мектептің 4 сынып оқушылары арасынан үздік, екпінді, қоғамдық жұмысқа белсене ат салысатын, өз отанына адал 40 оқушы «Жас қыран» ұйымына 68 оқушы салтанатты түрде қабылданды.

13 желтоқсан күні **«Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде»** тақырыбында 9-10 сынып оқушылары мен аудандық аурухана психологы Өстемирова Ақбота, мектеп медбикесі Тастанова Эльмира апайлар мен бірлескен треник жұмыстары жүргізілді.

18.02.2023 жылы мектебімізде Ауған соғысы ардагерлері Ерегенов Жақып, Тазабеков Қанат мызалар арнайы шақырылып, **«Ауғанның от-жалыны»** тақырыбында концерттік бағдарлама қойылып түрлі спорттық жарыстар өткізілді.

Сәуір айынан бастап Жас ұлан мүшелері **«Саптық жүріс және ән айту»** байқауына дайындалып 26.04.2023 жылы Төлеби ауданы, Көксәйек аймағы

бойынша Қазақстан мектебінде өткізілген ІХ –слетқа 7 сынып оқушыларынан жасақталған «Жас ұлан» тобы қатысып ту алып жүру кезеңінен аудандық кезеңге жолдама алды.

Мамыр айының 17 күні туды алып жүру кезеңі бойынша Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ІХ слетінің аудандық кезеңіне қатысып үздік қатысқан топ номинациясымен марапатталды.

Мамыр айының 30 күні 1-6 сынып аралығында «Сыңғырла соңғы қоңырау» сатанатты жиыны өткізілді.

1 маусым күні сағ 9-00 де 7-11 сынып аралығында «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өткізіледі.